

Елді мекендерді абаттандыру бойынша ережелерді бекіту, жасыл желекті бұталарды ұстau және қорғau туралы

Күшін жойған

Зеренді аудандық мәслихатының 2004 жылғы 27 сәуірдегі N 8-45 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 14 мамырда N 2515 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 40-276 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2011.06.22 № 40-276 шешімімен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Зеренді аудандық Мәслихаты

ШЕШІМІ:

1. Елді мекендерді абаттандыру бойынша, жасыл желекті бұталарды ұстau және қорғau туралы ереже бекітілсін (қоса беріледі).
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық Мәслихаттың бюджет, қаржы, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

| Сессия төрағасы | Аудандық мәслихаттың хатшысы | | |
|--|-------------------------------------|----------|--|
| Аудандық мәслихаттың 27 сәуірдегі № | 2004 | жылғы | |
| | 8 - 45 | шешіміне | |
| қосымша | | | |

Зеренді ауданы елді мекендерінің аумақтарын көркейту, жасыл желектерді ұстau және қорғau

ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы Ережелер 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Кодексіне және Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салуаттылығы мәселелері жөніндегі заңнамаларына сәйкес әзірленген.

Осы Ережелер елді мекен аумақтарын көркейту, жасыл желектендіру және қорғau тәртібін, сонымен қатар заңды және жеке тұлғалардың осы мәселелер бойынша құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Меншік түріне қарамастан кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар көркейту ережелерін сақтауға, елді мекен аумақтарын тазартып, жинастыруды қамтамасыз етуге міндettі.

2. Елді мекендер аумағын санитарлық тазарту және жинастыру жүйесі тұрмыс қалдықтарын (кул, қи, көше қоқыстары) жинау, тез арада жою, сенімді зиянсыздандыру және экономикалық мақсатқа сәйкес қайта жөндеуді қамтиды.

3. Тұрмыс қалдықтарын шығаруды ұйымдастыру жұмыстары бірыңғай орталықтандырылған жүйеге (жоспарлы-ұнемі және мәлімдеу), белгіленген тәртіпке, тарифке және басқа нормативтік материалдарға бағынуы тиіс.

4. Әр ұйымға жергілікті атқарушы органдар және жер комитетінің шешімімен жинастыру үшін жол жиектеріне дейінгі жақын арадағы аумақтар белгіленеді.

5. Тұрғын үйлер ауласын, үйге келетін жолдарды жинастыру тұрғын үй иелеріне, ал тротуар және учаске аумақтарын жинау оларға жақын арада орналасқан (шектеліскен) кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге жүктеледі.

6. Сауда орны орналасқан аумақтарды тазалау және жинауды барлық меншік түріндегі сауда ұйымдарының басшылары қамтамасыз етеді. Өнеркәсіп орындарының, құрылыш алаңшаларының, қоймалардың, базардың, оған баратын жерлер аумағы осы ұйымдардың күшімен, қаржысымен тазартылады.

7. Басқа аумақтағы (стадион, базар, жәрменеке өткізілетін орындар, ауыл шаруашылық жерлері және басқалары) жерлерді жинау және таза сақтау тиісті жер иеленушілерге жүктеледі.

2. Жалпы пайдалану орындарын тазалау және құту

8. Көпшілік ойын-сауық орындары және басқа жалпы пайдалану орындары 1 бөлімде белгіленген жалпы ережелердің талаптарына сәйкес күтіледі.

9. Барлық алаңдарда және көшелерде, базарларда және басқа жерлерде жеткілікті қоқыс салғыштардың болуы тиіс. Қоқыс салғыштар толуына байланысты жүйелі тазартылады. Қоқыс салатындардың тазалығын сақтауға өздеріне бекітілген аумақты жинастыруды қамтамасыз ететін ұйымдар, кәсіпорындар және мекемелер жауапты.

10. Бос ыдыстарды немесе артық тауарларды дүкен және дүңгіршектердің алдына үюге және де оған жақын аумақтарға үюге пайдалануға тыйым салынады.

11. Көшелерде тез бұзылатын тағамдық азықтар, көкөніс, жеміс сату үшін дүңгіршектер, киоскілер, лот орналастыру санитарлық эпидемиологиялық стан са мен келісілуі көрек.

12. Қоғамдық тамақтану орындарында, ашық алаңдарда, шашлық қуыратын жерлерде, сауда орындары мен дүңгіршектерде, павильондарда т.б. стационарлық әжетханалар жоқ жерлерде міндettі түрде келушілер мен қызмет

етушілер үшін жылжымалы әжетхана (биоәжетхана) орнатылуы қажет.

13. Балалар алаңшасына көлік құралдарын қоюға, көлік құралдарын пайдалану және жөндеуге байланысты аумакты ластауға тыйым салынады.

3. Жасыл желек отырғызу тәртібі

14. Жасыл желектер меншік иелігіне қарамастан, ұсталмайтын мемлекеттік кор болып есептеледі және заң жүзінде қорғалады.

Жеке және заңды тұлғалар өзіне бекітілген аумақтағы жасыл желектердің сақталуын қамтамасыз етуге заңнамаларға сәйкес міндettі, ол үшін толық агротехникалық шаралар жинағын жүргізу керек, атап айтқанда: суару, қиу, кепкенді кесу, апатқа ұшыраған және кепкен ағаштарды жинау, бағандарын тазалау, бағандар және тамыр бойындағы жас бұтақшаларды шығару, тыңайтқыш салу, жас ағаштардың бағандарында шұқыр орналастыру, дезинфекциялау, жарасын ысылау, қуысын бітеу және де арам шөптерді жою

үшін м е х а н и к а л ы қ ө н д е у .

15. Түскен мерзімде жапырақтарды уақытында жинау. Жиналған жапырақтарды белгіленген жерге шығарады. Тұрғын үй жанында, скверлерде, парктерде жапырақтарды жағуға тыйым салынады.

16. Жасыл желектерді алғып тастауды және қайта отырғызуды құрылышылар өз күштерімен және қаражатымен жүзеге асырады. Жасыл желектерді қалпына келтіру ғимараттарды салу және жөндеу жұмыстарын орындастырын үйымдарға жүктеледі.

4. Тұрғын жайларын жинастыру және ұстau

17. Ведомстволық бағыныштылығына және меншік түріне қарамастан тұрғын жайларды тұрмыс қалдықтарынан жинастыру жүйелі жүргізілуі тиіс.

18. Тұрғын жай аумақтарында қоқыс салғыштарды орналастыру және құл мен қый төгетін арнайы алаң бөлінуі тиіс. Оларды өзінің аумағынан тыс, жол жиектеріне - тротуарларға төгуге тыйым салынады. Алаң ашық су өткізбейтін шатырмен жабылған және жасыл желекпен қоршалуы керек.

19. Орнатылатын қоқыс салғыштардың санын анықтау үшін қоқыс салғыштарды пайдаланатын тұрғындар саны, қалдықтардың жиналу мөлшері, қалдықтарды сақтау мерзімі ескерілуі тиіс.

20. Уақытша тұрмыс қалдықтары мен қоқыстарды сақтау алаңдарының иелері қоқысты өз күшімен төгуге, алаңды жинап, залалсыздандыруға міндettі.

21. Қоқыстар мен тұрмыс қалдықтарын уақтылы төкпегені үшін меншік иесі жауап береді.

22. Қалдықтарды уақытша аула жинағышта сақтағанда олардың еруін және

шіруін болдырмау керек. Сондықтан жылдың сақтаулы салқын уақытында (6 градустық температура және төмен) үш тәулік, жылды мезгілде бір тәулік (күнбекүн) шығару).

23. Ауыл шаруашылығы техникаларын (тракторларды, комбайндарды, тұқым сепкіштерді және басқаларды) тұргын үй мен көшелердің қасбеттеріне қоюға тыйым салынады. Шаруа қожалықтары мен фермерлердің иелігіндегі ауыл шаруашылығы техникалары жергілікті атқарушы ұйымдар бөлген, арнайы аландарда сақталуы қажет.

5. Осы ережелерді бұзған үшін жауапқа тарту

24. Осы Ереже талаптарын бұзғандар Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 300, 387 баптарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.